



Азаматтық құқық. Азаматтық процесс / Civil law. Civil process / Гражданское право. Гражданский процесс

XҒТАР 10.27.65

<https://doi.org/10.32523/2616-6844-2025-152-3-85-104>

Ғылыми мақала

Тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың құқықтық жауапкершілік мәселелері туралы

С.М. Ильясова^{*1,2}, Н.А. Алдабергенова¹, К.А. Джумабаева¹

¹«Тұран» университеті, Алматы, Қазақстан

²Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

(e-mail: ¹isamal@mail.ru, ²n.aldabergenova@turan-edu.kz, k.jumabaeva@turan-edu.kz)

Андатпа: Бұл мақалада авторлар мемлекеттік сатып алу саласындағы тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың құқықтық жауапкершілігіне қатысты теориялық және практикалық аспектілерді зерттейді.

Мақаланың мақсаты – мемлекеттік сатып алу субъектілерінің құқықтық жауапкершілігін талдау, проблемаларды анықтау және жетілдіру ұсыныстарын әзірлеу.

Зерттеудің негізгі бағыттары: мемлекеттік сатып алудағы құқықтық жауапкершіліктің теориялық негіздері, тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылардың жауапкершілігін реттеу, практикалық мәселелер, тетіктерді жетілдіру. Идеялары – жауапкершілік шекаралары мен критерийлерін анықтау, құқықтық қайшылықтарды жою, заңнаманы жетілдіру, заңбұзушылықтардың алдын алу.

Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызы. Мақала зерттеушілерге, заңгерлерге және мемлекеттік сатып алу саласында реттеу және бақылаумен айналысатын мемлекеттік қызметшілерге, сондай-ақ осы саладағы ашықтық пен заңдылықты арттыру мәселелерімен қызығатын барлық тұлғаларға арналады.

Зерттеу әдістемесі. Бұл зерттеу жұмысы кешенді талдау жасауды талап етеді, сондықтан зерттеу жүргізу барысында жүйелі түрде жалпы және арнайы ғылыми-зерттеудің эмпирикалық және теориялық әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысының негізгі нәтижелері мен талдаулары, қорытындылары. Зерттеудің нәтижесінде заңнамадағы олқылықтар анықталды, тәжірибеге талдау жасалды. Заңнаманы бұдан әрі жетілдіруге, тапсырыс берушілердің жауапкершілігін жетілдіруге қатысты тұжырымдар жасалды.

Бұл зерттеу тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылардың жауапкершілігіне қатысты мәселелерді жетілдіруге елеулі үлес қосады. Ғылыми жаңашылдығымен, практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді.

Жұмыс нәтижелерінің практикалық мәні. Жұмыс нәтижелерін тапсырыс берушілер, өнім берушілер, сот, құқық қолдану және реттеуші органдардың жұмыстарында қолдануға болады.

Түйін сөздер: тапсырыс беруші, құқықтық жауапкершілік, ашықтық, құқық қолдану, мемлекеттік сатып алу қағидаттары.

Түсті: 01.04.2025 Мақұлданды: 06.05.2025 Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

Кіріспе

Соңғы жылдары елімізде мемлекеттік сатып алу заңнамасы бірнеше рет өзгеріске ұшырап, 1 шілде 2024 жылы Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының жаңа заңы қабылданды, 1 қаңтар 2025 жылдан бастап заңды күшіне енгізілді [1]. Бұл оқиға ғалым зерттеушілер үшін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу рәсімін тікелей жүзеге асыратын практиктер үшін, өнім берушілер мен бақылаушы органдар үшін жаңа үміт пен серпіліс берді.

Ресми мәліметтерге сүйенетін болсақ, бүгінгі күні мемлекеттік сатып алудың орталықтандырылған веб-порталына 28 415 тапсырыс берушілер, 29 427 мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар, 194 524 өнім беруші – заңды тұлғалар, 335 019 өнім беруші – жеке кәсіпкерлер, 55 569 өнім беруші – жеке тұлғалар, 757 резидент емес өнім берушілер, 757 жосықсыз қатысушы деп танылған өнім берушілер, барлығы – 644 468 мемлекеттік сатып алу үдерісіне қатысушы субъектілер тіркелген [2].

Қазақстан Республикасының аумағында әкімшілік істерді қарайтын сот органдарымен мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу фактісі бойынша 2022 жылы – 2240, 2023 жылы – 2080, 2024 жылы – 2 120 әкімшілік істер қаралған. Ал, 2025 жылдың наурыз айына, яғни жаңа заң күшіне енгеннен кейін уәкілетті органдармен 9 әкімшілік іс сотқа жолданып қаралуда [3].

Мемлекеттік сатып алу үдерісін жүзеге асыруда негізгі субъектілер – тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар болғандықтан, авторлар ғылыми мақалада аталған субъектілердің құқықтық жауапкершілігі мәселесін талдауға тоқталады. Себебі, мемлекеттік сатып алу туралы заңның мақсатына сәйкес оны дұрыс және оңтайлы жүзеге асырылуы аталған субъектілердің кәсіби біліктілігіне, олардың жауапкершілігіне, құқықтық жағдайына, мемлекет тарапынан қолдауына байланысты болып келеді.

Жоғарыда көрсетілген статистикалық мәліметтер жалпы мемлекеттік сатып алу саласының ауқымдылығы мен күрделілігін айқын көрсетеді. Осы тұрғыда ғылыми мақаланың тақырыбының өзектілігі де ерекше мәнге ие. Себебі, соңғы жылдардағы мемлекеттік сатып алу жүйесінде орын алған заң бұзушылықтарға байланысты тапсырыс беруші (мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы) ұйымдардың қызметкерлерінің әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке жиі тартылуы мемлекеттік сатып алулар саласындағы құқықтық реттеудің тиімділігін зерттеуді және оны жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Авторлар, тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың жауапкершілігіне байланысты проблемалар мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің ашықтығын арттыру, заңнаманы кешенді түрде жетілдіру және құқықтық түсініспеушіліктерді азайту үшін жан-жақты талдауды талап етеді деген пікірде.

Осыған байланысты, аталған мәселені зерттеу теориялық және практикалық маңызы бар өзекті міндет болып табылады, әрі бұл проблема ғалымдар мен зерттеушілердің ерекше қызығушылығын туғызуда.

Мемлекеттік сатып алудағы тапсырыс берушілердің құқықтық жауапкершілігіне қатысты бірқатар ғылыми зерттеулер жарық көрген. Мәселен, ресейлік ғалымдар Е.И. Зацаринная мен С.Н. Коваленко «Тауарлар, жұмыстар және қызметтерді сатып алу

туралы заңнаманы бұзғаны үшін тапсырыс берушілердің жауапкершілігі және бақылау» атты еңбектерінде мемлекеттік сатып алулар саласындағы тапсырыс берушілердің заң бұзушылықтары мен бақылау органдарының тәжірибесін қарастырады. Ал А.С. Самогиннің «Мемлекеттік (муниципалдық) шарт тараптарының сатып алу саласындағы заңды жауапкершілігі» тақырыбындағы ғылыми мақаласында мемлекеттік (муниципалдық) келісімшарт тараптарының жауапкершілігі зерттеліп, тапсырыс берушілердің құқықтық жауапкершілігіне ерекше назар аударылады.

Сол сияқты, мемлекеттік сатып алу саласындағы тапсырыс берушілердің құқықтық жауапкершілігі мәселесі П.Ф. Халиулов, А.Д. Левина, А.Е. Родина, Т.В. Кацуба, В.А. Рябцев, С.С. Молдабаев, Н.А. Катаев және басқа да зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты талданған.

Мемлекеттік сатып алулар саласында тапсырыс берушілердің құқықтық жауапкершілігі мәселелері шетелдік зерттеушілердің де назарын аудартқан. Осы тақырыпқа арналған іргелі және заманауи еңбектердің қатарынан төмендегілерді атап өтуге болады: "Public Procurement and Contract Administration: A Brief Introduction" (Мемлекеттік сатып алу және шарттық басқару: Қысқаша кіріспе), авторы А.Хорке, «Corruption in Public Procurement: Finding the Right Indicators» (Мемлекеттік сатып алудағы сыбайлас жемқорлық: Дұрыс көрсеткіштерді анықтау), авторлары Михай Фазекаш, Яна Хвалковска, Иржи Скухровец, Иштван Янош Тот, Лоуренс П. Кинг, «The Law of Public Procurement» (Мемлекеттік сатып алу құқығы), авторы Сью Эрроусмит, «Public Procurement and the EU Competition Rules» (Мемлекеттік сатып алу және ЕО бәсекелестік ережелері), авторы Альберт Санчес Граэльс.

Аталған еңбектерді талдау көрсеткендей, мемлекеттік сатып алудағы тапсырыс берушілердің құқықтық жауапкершілігінің әртүрлі аспектілері кеңінен қарастырылғанымен, зерттеулерде кейбір олқылықтар бар. Олар, әртүрлі құқықтық жүйелерде тапсырыс берушілерді жауапкершілікке тартудың практикалық механизмдері толық зерттелмегендігін, тапсырыс берушілердің жауапкершілігінің әртүрлі үлгілерінің тиімділігін салыстырмалы талдау жеткіліксіз екендігін көрсетеді.

Яғни, мемлекеттік сатып алу саласындағы тапсырыс берушілердің құқықтық жауапкершілігі мәселесін тереңірі жан-жақты талдау, заңнаманы жетілдіру бағыттарынан анықтау және құқық қолдану тәжірибесін жүйелеу қажеттілігі әлі де өзектілігін сақтауда. Әсіресе, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы мен тапсырыс берушінің барлық жағдайда бір тұлға бола бермейтінін ескергенде, ұйымдастырушының құқықтық жауапкершілігі ғылыми еңбектерде толық зерттелмеген. Сонымен қатар, бұл тақырыпқа қатысты кешенді зерттеулердің жеткіліксіздігі мемлекеттік сатып алулардағы жауапкершілік мәселесінің белгілі бір аспектілер бойынша ғана қарастырылып, тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың жауапкершілігіне қатысты терең талдаулардың аздығын көрсетеді. Соның салдарынан, бұл саладағы заңбұзушылықтардың саны артып, мәселені одан әрі терең зерттеу қажеттілігі туындап отыр.

Мақаланың нысаны мемлекеттік сатып алулар саласындағы тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың құқықтық жауапкершілігі болып табылады.

Жұмыстың пәні ретінде мемлекеттік сатып алулар туралы заңнаманы бұзғаны үшін тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың

жауапкершілігін реттейтін құқықтық нормалар, олардың қолдану тәжірибесі, сот практикасы, сондай-ақ осы саладағы жауапкершілікті жетілдірудің мәселелері мен перспективалары қаралады.

Жұмыстың мақсаты мемлекеттік сатып алулар саласындағы тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың құқықтық жауапкершілігі механизмдерін талдау және негіздеу, проблемаларды анықтау және оларды шешу бойынша ұсыныстар әзірлеу арқылы құқық қолдану тиімділігін арттыру.

Зерттеу міндеттері болып мыналар табылады:

1. Тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың заңды жауапкершілігінің теориялық негіздерін зерттеу.

2. Мемлекеттік сатып алулар саласындағы тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың жауапкершілігін реттейтін нормативтік-құқықтық базаны талдау.

3. Тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың жауапкершілікке тарту бойынша сот тәжірибесін қарастыру.

4. Тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың жауапкершілігін реттейтін заңнамадағы олқылықтар мен қайшылықтарды анықтау.

5. Құқықтық реттеуді және тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың жауапкершілікке тарту механизмін жетілдіруге арналған ұсыныстар әзірлеу.

Әдіснама

Мақаладағы зерттеудің әдіснамалық негізін танымның ғылыми диалектикалық әдістерінің ережелері құрайды. Мақаладағы зерттеулер тақырып бойынша нормативтік – құқықтық деректерді талдау, ұлттық және халықаралық нормаларды салыстыру, жүйелілік, кейс әдістер қолданудан, яғни нақты ситуацияларға талдау жасау, құқықтық салыстыру, құқықтық болжау әдістерін қолдану арқылы жүргізілді.

Зерттеуге арналған тәсілдер ретінде жүйелілік тәсілі, кешенді тәсіл, функционалды тәсілдер қолданылды.

Зерттеудің гипотезасы: Тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың жауапкершілігін құқықтық реттеуді жетілдіру, оның ішінде заңнамалық олқылықтарды жою, өкілеттіктерді нақты ажырату және кәсіби құзыреттілікті арттыру мемлекеттік сатып алулар жүйесінің ашықтығын жоғарылатып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге және адал бәсекелестікті қамтамасыз етуге алып келеді.

Мақаланың теориялық, практикалық және әлеуметтік маңызы мемлекеттік сатып алулар жүйесінде тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылардың құқықтық жауапкершілігіне қатысты құқықтық доктринаны дамытуға, осы саладағы заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеумен айқындалады. Сондай-ақ, тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылардың құқықтық жауапкершілігін күшейту және құқық бұзушылықтарды азайту арқылы мемлекеттік сатып алуларға деген сенімді арттыруға үлес қосу мақсаты көзделеді.

Нәтижелер мен талқылау

Мемлекеттік сатып алудағы тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың құқықтық жауапкершілігі мәселесін қарастырмас бұрын құқық теориясындағы құқықтық жауапкершілік ұғымының теориялық негіздемесіне тоқталған жөн.

Құқық доктринасындағы зерттеуші ғалымдардың еңбектерін зерттеу нәтижесі «құқықтық жауапкершілік» ұғымына қатысты бүгінгі күнге дейін бірыңғай анықтама қалыптаспағандығын көрсетеді. Авторлардың бір бөлігі құқықтық жауапкершілікті «құқық талаптарын орындауға қатысты мемлекеттік мәжбүрлеу, тараптардың әрқайсы екінші тараптың, қоғамның, мемлекеттің алдында өз әрекеттері үшін жауап беруге міндетті құқықтық қатынас» ретінде қарастыратын болса [4], екінші бөлігі «құқықтық жауапкершілік – заң нормаларымен қарастырылған құқық бұзушылық субъектісінің жағымсыз құқықтық салдарды басынан өткізуі» [5] деп көрсетеді.

«Құқықтық жауапкершілік» ұғымы құқықтың жалпы теориясына XX ғасырдың 60-жылдары енгізілгендігін ескеретін болсақ, бұл кезеңде қоғамның көптеген қырларында тоталитарлық сипат сақталғандығын байқаймыз. Соның салдарынан құқықтық жауапкершілік институтының теориялық негіздері осы бағытта дамып келген және кеңес заманындағы заң ғылымында кеңінен қолдау тапқан. Осыған байланысты қазіргі уақытқа дейін құқық теориясында құқықтық жауапкершілік негізінен құқық бұзушылыққа қатысты мемлекеттік-құқықтық реакция ретінде қарастырылады.

Құқықтық жауапкершіліктің проблемалық мәселелерін зерттеген ғалым Д.А.Липинскийдің пікірінше барлық ғалымдар құқықтық жауапкершілік құқық бұзушылық үшін туындайтындығын бірауыздан мойындайды және бұл тұжырымдаманы қолдаушылар құқықтық жауапкершілікті оның негативті мағынада түсінетіндігін көрсетеді. Ол өз кезегінде, құқықтық жауапкершілікті әлеуметтік жауапкершіліктің бір түрі ретінде қарастырып, кез келген басқа әлеуметтік жауапкершілік түрі сияқты құқықтық жауапкершілік те бірыңғай сипатқа ие және болашақ мінез-құлық үшін жауапкершілікті (позитивті, ерікті жауапкершілік), сондай-ақ өткен заңға қайшы мінез-құлық үшін жауапкершілікті (негативті, мемлекеттік мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылатын жауапкершілік) қамтитындығын көрсетеді [6].

А.С.Бондарев өз еңбегінде құқықтық жауапкершілік және жауапсыздық мәселелерін зерттей келе, Д.А.Липинскийдің «позитивтік, ерікті жауапкершілік» тұжырымдамасын қолдайды және қазіргі уақытта қолданыстағы құқықтық жауапкершіліктің негізгі тұжырымдамаларын ашып көрсетеді. Құқықтық жауапкершілік – бұл санкцияны іске асыру (О.Э. Лейст, Л.С. Явич), мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы (И.С. Самощенко, М.Х. Фарукшин), жаза (Л.С. Малеин), қоғамның құқық бұзушылыққа реакциясы (Р.З. Лившиц), шектеулерге ұшырау міндеті (С.С. Алексеев, А.И. Петелин, М.Д. Шиндяпина), мәжбүрлеп орындатылатын міндет (С.Н. Братусь), есеп беру міндеті (В.А. Рыбаков, В.А. Тарасов), құқықтық қатынас (А.С. Булатов, Н.И. Загордников), сот үкімінде немесе басқа да құзыретті органның актісінде көрсетілген бағалау (айыптау) (Ю.А. Демидов, Н.А. Огурцов) және т.б [7].

А.Г.Чернявский «жауапкершілік» сөзі ғылыми айналымға А. Бейн тарапынан 1865 жылы енгізілгендігін көрсетеді. Онда жауапкершілік жазалану мәселесімен байланысты

қарастырылған, өйткені бұл терминді кез келген ортада талқылауда айыптау, кінәлау, жазғыру және жаза мәселелері қозғалатындығы айтылған [8]. Ғалымның пікірінше, құқықтық жауапкершілік, бір жағынан, құқық бұзушылық жасалған жағдайда, екінші жағынан – құқық бұзушыға тиісті құқық нормасының санкциясы қолданылған кезде туындайды. Құқықтық жауапкершіліктің фактілік негізі – заңға қайшы әрекеттің (әрекетсіздіктің) жасалуы, ал құқықтық негізі – тиісті құқық нормасының қолданылуы болып табылады [8].

Байқалғандай, құқық теориясында құқықтық жауапкершілік ұғымына қатысты әртүрлі ғылыми тұжырымдар қалыптасқан. Құқықтық жауапкершілікті тек құқық бұзушылық жасалғаннан кейін туындайтын құбылыс ретінде қарастыру лауазымды тұлғалардың заң нормаларында бекітілген талаптарды сақтауын, заң талаптарын бұзудан тартынуын және өзіне жүктелген міндеттерді құқықтық нормаларды бұзбай орындауын осы ұғымның шеңберінен тыс қалдыратыны анық. Осыған байланысты, авторлар құқықтық жауапкершілікті әлеуметтік жауапкершіліктің бір түрі ретінде қарастырып, оны субъектінің болашақ мінез-құлқы үшін жауапкершілігін (позитивті, ерікті жауапкершілік) және өткен заңға қайшы мінез-құлқы үшін жауапкершілігін (негативті, мемлекеттік мәжбүрлеу арқылы жүзеге асырылатын жауапкершілік) қамтитын кешенді құқықтық феномен ретінде қарастыру орынды деген пікірді ұстанады.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың құқықтық жауапкершілігін талдау барысында құқықтық жауапкершіліктің негізгі белгілерін, оның мақсаттары мен функцияларын, қағидаттарын жан-жақты қарастыру қажет. Өйткені қолданыстағы мемлекеттік сатып алу заңнамасының нормалары ғылыми негізделген сипатқа ие болуы тиіс.

Құқықтық жауапкершілік әлеуметтік жауапкершіліктің бір түрі ретінде қарастырылған жағдайда, оның өзіндік ерекшеліктерін айқындау қажеттігі туындайды. Бұл феномен келесі сипаттамаларымен ерекшеленеді:

1. Заң нормаларымен белгіленген міндеттердің орындалу сәтінен немесе құқық бұзушылық жасалған кезден бастап туындайды;
2. Құқық нормаларын бұзғаны үшін қолданылады;
3. Құқық бұзушылық жасаған тұлғамен тікелей байланысты;
4. Құқық нормаларының санкцияларында бекітіліп, нақтыланады;
5. Құқықтық нұсқамалардың бұзылуына мемлекет тарапынан реакция ретінде қарастырылады;
6. Мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы жүзеге асырылады;
7. Құқық бұзушылықтың барлық элементтері болған жағдайда ғана іске асырылады;
8. Белгілі бір мақсаттарды көздеп, арнайы функцияларды атқарады.

Құқықтық жауапкершілік, ең алдымен, құқықтық өмір субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге, әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіруге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және құқық бұзушыларға тиісті санкцияларды қолдануға бағытталған. Бұл мақсаттар құқықтық жауапкершіліктің негізгі сипаттамаларында көрініс табады және оның функцияларын айқындайды.

А.Н. Кузнецов ретроспективтік және позитивтік құқықтық жауапкершіліктің құқық доктринасында қалыптасқан мақсаттары оның келесі функцияларды айқындайтындығын көрсетеді: қорғаушылық, құқықты қалпына келтірушілік, алдын алушылық, жазалаушылық және реттеушілік [9].

Жоғарыда көрсетілген құқықтық доктринада қалыптасқан теориялық тұжырымдамалар құқықтық жауапкершілікке қатысты мәселелерді шешу барысында заң шығару процесінің әдіснамалық негізін құрауы тиіс. Осыған байланысты ұлттық заңнаманың нормалары құқықтық жауапкершіліктің мақсаттары мен функцияларына толықтай сәйкес келіп, оларды іске асыруға бағытталуы қажет деген пікірдеміз.

Бұл тұрғыда мемлекеттік сатып алу саласындағы құқықтық жауапкершіліктің заңмен бекітілуі мәселесіне тоқталған жөн.

Бұл ретте, құқықтық жауапкершілікті реттеу ұлттық заңнама нормаларына негізделіп, құқықтық жауапкершілік механизмдері нормативтік-құқықтық реттеу, құқықтық регламентация және заңнамалық бекіту құралдары арқылы іске асырылатындығы айқын.

2024 жылдың 1 шілдесіндегі "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңымен құқықтық жауапкершілікке қатысты бірқатар заң нормалары бекітілген. Заңның 5-бабы «мемлекеттік сатып алу субъектілерінің жауапкершілігі» қағидатын орнықтырады, 16-баптың 6-тармағының 2-абзацы «Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдаған тұлға аталған қағидаттардың сақталуына дербес жауапты болады» деп белгілеп, құқықтық жауапкершіліктің жеке дара сипатын нақты айқындайды. Одан әрі, 17-баптың 7-тармағында «Шарт тараптарына қатысты шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілік көзделуге тиіс» деген талап бекітілген. Ал, заңның 28-бабы мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзғаны үшін құқықтық санкцияларды белгілеу арқылы жауаптылық институтын нақтылайды. Бұл нормалар міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етудің құқықтық-гарантиялық сипатын көрсете отырып мемлекеттік сатып алу жүйесінде құқықтық жауапкершілікті реттеудің институционалдық негіздерін айқындайды [10].

Құқық теориясында құқықтық жауапкершіліктің бірнеше түрі бар екендігі анық. Олар, тәртіптік жауапкершілік, азаматтық-құқықтық жауапкершілік, әкімшілік жауапкершілік, қылмыстық-құқықтық жауапкершілік.

Құқықтық доктринада құқықтық жауапкершіліктің бірнеше түрі ажыратылады, соның ішінде тәртіптік, азаматтық-құқықтық, әкімшілік, қылмыстық-құқықтық және басқа да түрлері қарастырылған. Мемлекеттік сатып алу саласының ерекшелігі – құқықтық жауапкершілік институтын талдау барысында зерттеу объектісінің кешенді сипатын ескеру қажеттілігінде. Осылайша, мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу фактісі құқықтық жауапкершіліктің әртүрлі түрлерін көздейді, атап айтқанда, құқық бұзушылықтың сипаты мен қоғамдық қауіптілік дәрежесіне байланысты субъектілер тәртіптік, азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Тандау өкілетті органдар мен жұмыс берушілерде және контрагенттерде.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы құқықтық жауапкершіліктің түрлеріне келетін болсақ, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабы

құқықтық жауапкершілік шараларының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қолданылатынына сілтеме жасап, жауапкершіліктің нақты түрлерін көрсетпейді [10]. Соның салдарынан мемлекеттік заңнаманы бұзу фактілері бойынша тек азаматтық-құқықтық, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық жауапкершілік институттары іске асырылып, тәртіптік жауапкершілікке тарту жағдайлары жоққа жақын. Бұл бір жағынан, құқықтық жауапкершіліктің нақты түрлері заңмен реттелмегендігімен, екінші жағынан тәртіптік жауапкершілікке тапсырыс беруші немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы-заңды тұлғаның тартылмайтындығымен, жауапкершілікке тарту мәселесі тек аталған субъектілердің қызметкерлеріне қатыстылығымен, ол үшін мемлекеттік сатып алу үдерісін қадағалайтын арнайы құрылым болу қажеттілігімен түсіндіріледі.

Қолданыстағы заңнама мазмұнына сәйкес, тапсырыс берушілер – ол мемлекеттік немесе мемлекеттік үлесі бар заңды тұлғалар. Ал мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылар – тапсырыс беруші заңды тұлғаның өзі немесе тапсырыс берушінің атынан мемлекеттік сатып алуды жүргізуді ұйымдастыратын құрылымдық бөлімше. Демек, жауапты лауазымды қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту үшін арнайы құрылымның жұмысын қадағалайтын орган болуы тиіс.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнама талаптарын бұзғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тарту, әдетте, әкімшілік немесе қылмыстық заңнама нормаларында көзделмеген құқықтық бұзушылықтарға қолданылады. Бұл құқықтық реттеудің жүйелілігін қамтамасыз етіп, құқықтық жауапкершілік түрлерінің дифференциациясын айқындайды.

Көбінесе, мемлекеттік сатып алу саласындағы тәртіптік теріс қылықтарға мыналар жатады: өнім берушіні айқындау тәсілін таңдаудағы қателіктер; тауарлар, қызметтер мен жұмыстар классификаторының кодтарын дұрыс таңдамау, хабарландыруларды қалыптастыру, сатып алу нысанын сипаттау кезінде жіберілетін қателіктер; жоғары инстанциядағы жауапты лауазымды тұлғалардың келісімсіз сатып алуды жүзеге асыру.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 64 бабына сәйкес, тәртіптік жазаның мынадай түрлері қарастырылған:

- 1) ескерту;
- 2) сөгіс;
- 3) қатаң сөгіс;
- 4) еңбек шартын бұзу [11].

Біздің пайымдауымызша тапсырыс берушілер тарапынан тәртіптік жауапкершілік мәселесін күшейту мемлекеттік сатып алу саласындағы неғұрлым ауыр заң бұзушылықтардың алдын алуға ықпал етеді.

Тәжірибеде, тапсырыс беруші – заңды тұлғалар, олардың бірінші басшылары мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу фактісі бойынша тек өкілетті органдардың нұсқамасымен, сот қаулыларымен әкімшілік құқықтық жауапкершілікке тарту немесе жасалған заң бұзушылықтың ауырлық дәрежесі мен сипатына қарай қылмыстық іс қозғалған жағдайда қылмыстық құқықтық жауапкершілік туындайтындығы туралы ғана хабардар. Ал, өз кезегінде құқықтық жауапкершіліктің ауырлық дәрежесіне қарай бұл үдерісті ұйымның бақылауында ұстап, әкімшілік құқықтық немесе қылмыстық құқықтық жауапкершілікке апармау жолдары бар екенін түсіне бермейді. Осы ретте,

тапсырыс беруші - заңды тұлғалардың құқықтық сауаттылығын ашу үшін авторлармен қолданыстағы заңға толықтырулар енгізуге ұсыныс беріледі. Атап айтқанда, Заңның 28-бабын толықтырып, төмендегі жаңа редакцияда қабылдауды ұсынамыз.

«28-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа алып келеді.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапты тұлғалар тәртіптік, азаматтық-құқықтық, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Біздің ойымызша, қолданыстағы заңнамаға енгізілетін мұндай өзгеріс құқықтық жауапкершілік функцияларының жалпы доктринасына, атап айтқанда, мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу саласындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуды көздейтін превентивтік функцияға толықтай сәйкес келеді. Сонымен қатар, бұл өзгеріс тапсырыс беруші-заңды тұлғалардың бірінші басшыларының штаттық кестені әзірлеу және бекіту, сондай-ақ қызметкерлердің функционалдық міндеттерін айқындау кезіндегі жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді. Өйткені Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жауапкершілікке сілтеме жасау құқықтық білімі жоқ тұлғалар үшін жеткілікті дәрежеде айқын емес болып табылады.

Тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың құқықтық мәселесін қарастыруда зерттеуші-ғалымдар мемлекеттік сатып алу заңнамасының қағидаттарына ерекше тоқталады. Себебі олар осы саладағы барлық заңнамалық нормалардың негізін құрайды. Ал, заңнама қағидаттарының бұзылуы құқықтық жауапкершілікке әкелуі мүмкін.

Құқықтық жауапкершілік қағидаттары – құқық бұзушыны жауапкершілікке тарту, оған жаза қолдану және келтірілген зиянның орнын толтыру процесін айқындайтын негізгі бастаулар ретінде қарастырылады [12].

Қолданыстағы заңның 5 бабы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру ақшаны сапа мен бағаның арақатыстылығын сақтай отырып, оңтайлы және тиімді жұмсау, әлеуетті өнім берушілерге тең мүмкіндіктер беру, олардың арасындағы тең бәсекелестік, отандық өндірушілерге қолдау көрсету, мемлекеттік сатып алу субъектілерінің жауапкершілігі, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарына, мүдделер қақтығысына жол бермеу және орнықты мемлекеттік сатып алуды дамыту қағидаттарына негізделетіндігін көрсетеді [10].

Яғни, ұлттық мемлекеттік сатып алу заңнамасындағы тапсырыс берушілер мен мемлекеттік ұйымдастырушыларға қойылатын барлық талаптар жоғарыда көрсетілген бастапқы негізгі бастауларға сүйенеді және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруда және ұйымдастыруда осы қағидаттардың қатаң сақталуы шарт.

Сот тәжірибесіне жүгінетін болсақ, соңғы үш жылда мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу фактісі бойынша қаралатын әкімшілік істердің саны 2022 жылмен салыстырғанда 5,4 пайызға азайған. Көп жағдайда, өкілетті органдармен әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер мемлекеттік сатып алу заңнамасыз бұзу фактісі бойынша Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 207-бабының 1-бөлігімен, 207-бабының 3-бөлігімен, 207-бабының 5-бөлігімен, 207-бабының

7-бөлігімен, 207-бабының 11-бөлігімен, 207-бабының 18-бөлігімен қозғалып, сотқа берілген [13].

Яғни, сот практикасы тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың қызметкерлерімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде орналастырылатын ақпаратта әлеуетті өнім берушілерге рұқсат етілмейтін талаптарды белгілеу, заңда көзделмеген жағдайларда мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудан бас тарту, конкурстық құжаттамада заңда көзделмеген біліктілік талаптарын белгілеу, заңда көзделмеген негіздер бойынша әлеуетті өнім берушілерді конкурс талаптарына сәйкес келмейді деп тану, заңда көзделмеген жағдайларда, тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру, жылдық жоспарда көзделмеген тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу, заң бұзушылықтардың қайталануы жағдайында заң бұзушылықтар жасалатындығын көрсетеді.

Құқықтық жауапкершілік белгілерінің бірі оның құқық бұзушылық жасаған тұлғамен тікелей байланысты болуына келетін болсақ, бұл санаттағы заң бұзушылықтар үшін Қазақстан Республикасы әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 207-бабының 1-бөлігіне сәйкес бірінші басшы немесе оның міндетін атқарушы немесе конкурстық құжаттаманы әзірлеуге тікелей қатысатын адамдар, 207-бабының 3-бөлігімен тапсырыс берушінің бірінші басшысы не оның міндетін атқаратын адам, 207-бабының 5-бөлігімен тапсырыс берушінің бірінші басшысы не не жүктелген өкілеттіктерге сәйкес шешім қабылдаған адам не оның міндетін атқаратын адам, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының бірінші басшысы не оның міндетін атқарған адам, 207-бабының 7-бөлігімен конкурстық комиссияның төрағасы, сондай-ақ конкурстық комиссия мүшелері, 207-бабының 11-бөлігімен тапсырыс берушінің бірінші басшысын не жүктелген өкілеттіктерге сәйкес шешім қабылдаған адам не оның міндетін атқаратын адам жауапты болады [13].

2024 жылғы мәліметтер бойынша Қызылорда облысы Қазалы аудандық сотында қаралған әкімшілік іс материалдарына сәйкес, бағалық ұсыныстарын сұрату тәсілімен сатып алуға жариялаған мемлекеттік сатып алуды жариялау барысында техникалық ерекшелігі ретінде газеттің атауы көрсетілген. Лауазымды тұлға кінәсін мойындаған және мемлекеттік сатып алу процедурасымен есепшісі айналысатындығын, мемлекеттік сатып алу өтпеді деп танылғанын, қаражат бюджетке қайтарылғанын, бюджетке зиян келтірілмегенін көрсеткен. Сот, ҚР ӘҚБтК-нің 64-1-бабына сәйкес, жасалған әкімшілік құқық бұзушылықтың маңызы болмашы болуына байланысты лауазымды тұлғаны жауапкершіліктен босатқан. Дәл сол сияқты тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың бірінші басшылары осы тектес уәж келтіріп, сот 2024 жылы қаралған 41 әкімшілік істің 29 - бойынша әкімшілік құқық бұзушылықтың маңызы болмашы деген негізбен лауазымды тұлғаларды жауаптылықтан босатқан. Бұл көрсеткіш мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзу фактісі бойынша қозғалған әкімшілік істердің 70,7% тоқтатылғанын көрсетеді [3].

Әкімшілік жауапкершілік – сатып алу процесін жүзеге асыру талаптарын сақтамағаны үшін ең жиі қолданылатын жауапкершілік түрлерінің бірі.

Зерттеліп отырған саладағы әкімшілік жауапкершілік сатып алу процесінің жүзеге асырылу кезеңдері, оның ішкі сатылары және заңнамада белгіленген мерзімдерге байланысты бөлінеді.

Мемлекеттік сатып алулар саласында тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылардың құқықтық жауапкершілігіне қатысты мәселелерді шешуде мемлекеттік сатып алу рәсімдерін ұйымдастыру және өткізуге тікелей жауапты қызметкерлердің кәсіби құзыреттілігі айқындаушы рөл атқарады.

Сот практикасының талдауы көрсеткендей, сатып алу процестерін ұйымдастырумен көбінесе бухгалтерлер айналысады, алайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің нормаларына сәйкес, әкімшілік жауапкершілік бірінші басшыға жүктеледі. Осыған байланысты, мемлекеттік сатып алу туралы заң жоғары кәсібилікті, салалық заңнаманы терең білуді талап ететінін ескере отырып, заңнамада мемлекеттік сатып алу саласындағы тапсырыс берушілердің кәсібилік қағидатын институционалдық деңгейде бекіту қажеттілігі туындап отыр деп пайымдаймыз.

Бұл ретте, авторлармен қолданыстағы заңның 5 бабының 1 тармағын төмендегі мазмұнда 9 тармақшасымен толықтыру ұсынылады.

5- бап. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттары

1. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру мынадай қағидаттарға негізделеді:

9) тапсырыс берушілердің (мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың) кәсібилігі.

Авторлардың пікірінше, мемлекеттік сатып алулардың тапсырыс берушілері (ұйымдастырушылары) үшін кәсібилік қағидатын заңнамаға енгізу құқықтық жауапкершіліктің превентивтік функциясына сәйкес келіп, мемлекеттік сатып алу заңнамасын бұзуға байланысты құқықбұзушылықтар санының азаюына ықпал етеді.

Бұл ретте, мемлекеттік сатып алу саласындағы тапсырыс берушілердің құқықтық жауапкершілігі мәселесін қарастыра отырып, А. Шантаков мемлекеттік сатып алулардағы келісімшарттық жүйе жоғары білікті, теориялық білімдері мен практикалық тәжірибесі бар мамандардың қатысуы жағдайында тапсырыс берушінің, сатып алулар саласындағы бақылау органының және басқа да мамандандырылған ұйымдардың өкілеттіктерін тиімді жүзеге асыруын қамтамасыз ететінін орынды атап өтеді [14].

С.С. Молдабаев өзінің еңбегінде мемлекеттік сатып алу жүйесіндегі негізгі мәселелердің бірі – тапсырыс берушілердің кәсіби деңгейінің төмендігі болып қала беретіндігін, мемлекет тарапынан қабылданған шараларға қарамастан, жағдай түбегейлі өзгермей отырғандығын, соның салдарынан тапсырыс берушілер жыл сайын бірдей құқық бұзушылықтарға жол беріп, айтарлықтай оң өзгерістер байқалмайтындығын көрсетеді [15].

Осылайша, тапсырыс берушілердің кәсібилігі мәселесі ғылыми ортада өзекті зерттеу нысаны ретінде қарастырылатындықтан, мемлекеттік сатып алу жүйесінде жоғары кәсібилікті қамтамасыз етпейінше, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мүмкіндігі шектеулі болып қала бермек.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы қылмыстық-құқықтық жауапкершілік мәселесін қарастыратын болсақ, осы салаға қатысушы тұлғаларға қатысты қылмыстық-құқықтық жауапкершілік қатаңдатылғаны заңнамалық деңгейде айқындалғанын атап өту қажет.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жүйелі талдау нәтижесінде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және өткізу жөнінде шешімдер қабылдау құзыреті берілген тұлғалар мемлекеттік функцияларды орындауға

уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілгені анықталды [16]. Бұл норма мемлекеттік сатып алу саласындағы құқықтық реттеудің қылмыстық-құқықтық аспектілерін күшейтуге және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге бағытталған.

Осыған орай, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген санкцияларға сәйкес, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген тұлғаларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін мемлекеттік сатып алу процесіне қатысатын тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылардың жауапты тұлғалары қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Мемлекеттік сатып алу жүйесінде қылмыстылық қоғам үшін өте қауіпті дерт. Себебі бұл салада қомақты бюджет қаражаты айналымда болғандықтан, жасалатын қылмыстар елдің экономикалық қауіпсіздігіне айтарлықтай қауіп төндіреді [17]. Бұл сала мемлекеттің төлем қабілеттілігі мен компанияның одан әрі дамуы үшін кең перспективалар ұсынатындығына байланысты шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін айтарлықтай тартымды болып табылады [18].

Қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес, бұл санаттағы қылмыстарға мыналар жатқызылған: сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алу немесе талан-таражға салу (189-бап), іс жүзінде жұмыстар орындалмай, қызметтер көрсетілмей, тауарлар тиіп-жөнелтілмей шот-фактура жазу бойынша әрекеттер жасау (216-бап), заңсыз сыйақы алу (247-бап), лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану (361-бап), билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану (362-бап), пара алу (366-бап), парақорлыққа делдал болу (368-бап), қызметтік жалғандық жасау (369-бап), қызметтегі әрекетсіздік (370-бап), салғырттық (371-бап), парамен коммерциялық сатып алуға не парақорлыққа арандату (417-бап) [17].

Ғылыми зерттеулер мемлекеттік сатып алу саласындағы қылмыстық-құқықтық аспектілерді талдау барысында сыбайлас жемқорлық схемаларының «откат» механизмі арқылы жүзеге асырылатынын көрсетеді. «Откат» сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының бір түрі ретінде қарастырылады, оның мәні – фирма өкілінің алынған тиімді келісімшарт үшін сыйақы ретінде шарт сомасының белгілі бір бөлігін лауазымды тұлғаға қайтаруынан тұрады [18].

Сонымен қатар, мемлекеттік сатып алу саласындағы бәсекелестік ортаға теріс әсер етудің бір көрінісі – мемлекеттік сатып алуға қатысушылардың картельдік сөз байласуы болып табылады. Құқықтық ғылымда сөз байласу ұғымы «бірнеше қатысушылардың белгілі бір топтың мүддесіне сай, бірақ басқа шаруашылық субъектілерінің мүдделеріне қайшы келетін қандай да бір әрекеттерді жүзеге асыру туралы алдын ала келісімі» ретінде анықталады. Мұндай сөз байласулар жазбаша немесе ауызша түрде жүзеге асырылуы мүмкін [19].

Мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнаманы бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік мәселелері терең зерттеуді талап етеді, сондықтан бұл мәселе авторлар тарапынан келесі ғылыми еңбектерде жан-жақты талданатын болады.

Байқағанымыздай тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың жауапкершілігін арттыруға мемлекет сатып алу процесін реттеуге тырысуда. Бұл үшін жаңа заңдар қабылданып, қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуде, жауапты тұлғаларды жауапкершілікке тарту мәселесі қатаңдатылып, субъектілік құрамы кеңейтілген.

Мұндай шаралар сатып алу жүйесін жетілдіруге және бюджет қаражатының мақсатты жұмсалуын бақылауға бағытталғаны анық. Алайда бұл тәсіл барлық мәселелерді толық шешіп, жүз пайыздық нәтиже береді деп айтуға әлі ерте.

Мемлекеттік сатып алу саласындағы қылмыстық-құқықтық жауапкершілікті тапсырыс берушілердің нақты түсінуін қамтамасыз ету мақсатында осы саладағы қылмыстарды бірыңғай жіктеу шеңберінде жүйелеу қажет деп санаймыз. Бұл тәсіл мемлекеттік сатып алу процесіне қатысушыларға қандай әрекеттер немесе әрекетсіздік қылмыстық-құқықтық жауапкершілікке әкеп соқтыратыны туралы құқықтық айқындық беруге мүмкіндік береді деген пікірдеміз.

Қорытынды

Мемлекеттік сатып алулар саласындағы тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылардың құқықтық жауапкершілігі – осы саладағы құқықтық реттеудің тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, қазіргі қолданыстағы заңнамалық нормалар белгілі бір дәрежеде осы қатынастарды реттегенімен, оларды жетілдіру қажеттілігі сақталуда. Әсіресе, тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың құқықтық мәртебесін нақтылау, олардың жауапкершілік аясын айқындау, құқықтық олқылықтарды жою – өзекті мәселелердің қатарында қалып отыр.

Құқықтық реттеу мен жауапкершілік тетіктерін жетілдіру, сатып алу рәсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және заң бұзушылықтардың алдын алу – мемлекеттік сатып алулар саласының дамуына ықпал ететін басты бағыттар. Осыған байланысты, зерттеу нәтижелері мемлекеттік органдарға, заңгерлерге, мемлекеттік сатып алу саласындағы мамандарға, сондай-ақ заңнаманы жетілдіруге атсалысатын ғалымдарға пайдалы болмақ.

Болашақта мемлекеттік сатып алулардың құқықтық жауапкершілік мәселелерін тереңірек зерттеу, тапсырыс берушілердің жауапкершілігін күшейту және құқық бұзушылықтарды азайту мақсатында заңнамалық өзгерістер енгізу қажеттілігі туындап отыр. Бұл өз кезегінде мемлекеттік сатып алуларға деген сенімді арттырып, оның тиімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Зерттеу нәтижесімен мынадай тұжырымдар жасалады:

1. Мемлекеттік сатып алулар жүйесінің тиімділігін арттыру мақсатында тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың жауапкершілігін құқықтық реттеуді одан әрі жетілдіру қажет.

2. Сот және әкімшілік практикасын талдау тапсырыс берушілерді заңды жауапкершілікке тартуға қатысты бірқатар проблемалық аспектілерді анықтады, бұл заңнамалық олқылықтарды жою қажеттігін көрсетеді.

3. Халықаралық тәжірибе тапсырыс берушілер мен мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушылардың өкілеттіктері мен міндеттерін нақты ажыратудың, сондай-ақ олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру механизмдерін енгізудің маңыздылығын көрсетеді.

4. Тапсырыс берушілер мен ұйымдастырушылардың жауапкершілік механизмдерін жетілдіру мемлекеттік сатып алулардың ашықтығын арттыруға, сыбайлас жемқорлық

тәуекелдерін азайтуға және адал бәсекелестік қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етуге ықпал етеді.

5. Тапсырыс берушілердің жауапкершілігіне қатысты мәселелерді кешенді зерттеу, заңнамалық реттеуді жетілдіру және құқық қолдану практикасын жүйелеу мемлекеттік сатып алулар жүйесінің тиімділігін арттырып, қоғамның оған деген сенімін нығайтуға мүмкіндік береді.

Алғыс айту, мүдделер қақтығысы.

Автор ғылыми жетекшіге, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Алдабергенова Нонна Алдабергеновнаға зерттеу тақырыбы бойынша кеңес беріп, елеулі ескертулер мен ұсыныстар, мақаланың қолжазбасын сыни тұрғыдан қарап көмектескені үшін және PhD докторы Джумабаева Карлыгаш Асильхановнаға мақаланың құрылымын тексеріп, елеулі ескертулер беріп көмектескені үшін ерекше алғысын білдіреді.

Авторлардың қосқан үлесі.

Бірінші автор **Ильясова С.М.** мақала жазудағы үлесі – тақырып бойынша ғылыми мақала жазудағы идеяларды қалыптастыру және зерттеу тұжырымдамасын құрды. Сонымен қатар, автормен зерттеу жоспары дайындалды (ғылыми мақаланы жазу сатылары, оларды жүзеге асыру мерзімдерін белгілеу, жинақтау). Зерттеу жоспарына сәйкес зерттеу әдіснамасы әзірленді, материалдар жинақталды, тұжырымдар жасалды. Мақаланы басу жұмыстары жүргізілді.

Екінші автор **Алдабергенова Н.А.** мақала жазудағы үлесі – мақаланың мәтінін сыни тұрғыдан қайта қарау, осы мақаланы жариялау үшін мақаланың соңғы нұсқасын бекіту.

Үшінші автор – **Джумабаева К.А.** үлесі – мақаланың құрылымын редакцияның бекіткен талаптарына сәйкес келуін тексеру.

Әдебиеттер тізімі

1. Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңы (2024) 1 шілде 2024 жылғы № 106-VIII ҚРЗ, Adilet.zan.kz: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000106> (өтініш берген күні: 24.03.2025).

2. Мемлекеттік сатып алудың веб порталы. (2025) goszakup.gov.kz Қолжетімді: <https://v3bl.goszakup.gov.kz/> (өтініш берген күні: 24.03.2025). Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының ресми сайты. (2025) office.sud.kz Қолжетімді: <https://office.sud.kz/> (өтініш берген күні: 24.03.2025). Тихомиров М.Ю. (2000) Москва. Юридическая энциклопедия. ЮрИнформЦентр. – Энциклопедия.

3. Сухарев, А.Я., Крутских, В.Е. (2001) Большой юридический словарь. Москва: Норма. – Юридический словарь.

4. Липинский, Д.А. (2004) Проблемы юридической ответственности: Монография / Под ред. д-ра. юрид. наук., проф. Хачатурова Р.Л. 2-е изд., перераб и доп. – СПб.: Издательство «Юридический центр Пресс»: https://elibrary.ru/download/elibrary_20175731_29651467.pdf (өтініш берген күні: 24.03.2025).

5. Бондарев, А.С. (2008) Юридическая ответственность и безответственность – стороны правовой культуры и аникультуры субъектов права. - Спб.Издательство Арсланова Р. «Юридический центр Пресс», опубл.-30.10.2013-Электрон.версия печ.публ. Доступ с сайта ЭБС IPR Books: <https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=18060> (өтініш берген күні: 24.03.2025).
6. Чернявский, А.Г. (2017) Юридическая ответственность: учеб.пособие для студентов вузов, обучающихся по специальности «Юриспруденция» /А.Г.Чернявский, С.М.Кузнецов; под ред. Габричидзе Б.Н., Ириашвили Н.Д.. -Москва: ЮНИТИ-ДАНА: Закон и право: <https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=81602> (өтініш берген күні: 24.03.2025).
7. Кузнецов, А.Н. (2015) Избранные лекции по теории государства и права. Часть 2 / А.Н.Кузнецов; Под ред. проф.Г.В.Алексеева. – Саратов: «Издательство вузовское образование», (Высшее образование). Доступ с сайта ЭБС IPR: <https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=33867> (өтініш берген күні: 24.03.2025).
8. «Мемлекеттік сатып алу туралы» (2024) Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңы № 106-VIII ҚРЗ. Adilet.zan.kz: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000106> (өтініш берген күні: 24.03.2025).
9. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. (2025) Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ. Adilet.zan.kz. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (өтініш берген күні: 24.03.2025).
10. Левина, А.Д., Родина, А.Е. (2019) Административная и уголовная ответственность за нарушение законодательства о контрактной системе в сфере государственных закупок: практика реализации. / Развитие юридической науки и проблема преодоления пробелов в праве. Сборник научных статей по итогам работы четвертого международного круглого стола. Том. Часть 1. г.Шахты, Издательство: ООО «Конверт». 31 мая 2019 года.
11. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ. Adilet.zan.kz: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235#z207> (өтініш берген күні: 24.03.2025).
12. Шантаков, А.М. (2018) Ответственность заказчика в сфере государственных закупок./ Актуальные вопросы цивилистики. Материалы региональной межвузовской научно-практической конференции. Научный редактор Е.А.Мурзина.2018/ г. Улан-Удэ. Издательство: Бурятский государственный университет имени Доржи Банзарова. <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=41191228> (өтініш берген күні: 24.03.2025).
13. Молдабаев, С.С., Катаев, Н.А. (2020) Профессионализм заказчика в сфере государственных закупок. ХАБАРШЫ, 2020 - elibrary.kaznu.kz Қолжетімді: <https://scholar.google.ru/> (өтініш берген күні: 24.03.2025).
14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Adilet.zan.kz. Қолжетімді: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410> (өтініш берген күні: 24.03.2025).
15. Каранда, А.В. (2020) Картельные сговоры при осуществлении государственных закупок: признаки и последствия./ Сборник статей. Г.Симферополь, Издательство: Крымский федеральный университет им.В.И. Вернадского (Симферополь). <https://elibrary.ru/item.asp?id=44464920> (өтініш берген күні: 24.03.2025).

16. Украинцева, И.С., Маркатова, В.А., Яхонтова, К.А. (2019) Угрозы экономической безопасности государства при проведении государственных закупок // Сборник научных статей III Всероссийской научно-практической конференции «Актуальные вопросы налогообложения, налогового администрирования и экономической безопасности». – Курск: Юго-Западный государственный университет, 2019. [Онлайн]. <https://elibrary.ru/item.asp?id=41339806> (өтініш берген күні: 24.03.2025).

17. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. (2014) / Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. Adilet.zan.kz: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (өтініш берген күні: 24.03.2025).

18. Мукашева, А.А., Нурекушев, Т.К., Айтказин Е.М. Қазақстан Республикасында «жасыл» мемлекеттік сатып алу институтын дамытудың заңнамалық негіздері. // Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Құқық сериясы. Vol. 146 №4(2024) <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2024-146-1-66-80>

19. Хлыстова, Н.Б. (2020) Картельные сговоры в сфере государственных закупок: понятие, виды, ответственность // Научный арцах. – 2020. – №2 (5). Қолжетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/kartelnye-sgovory-v-sfere-gosudarstvennyh-zakupok-ponyatie-vidy-otvetstvennost> (өтініш берген күні: 24.03.2025).

С.М. Ильясова*^{1,2}, Н.А. Алдабергенова¹, К.А. Джумабаева¹

¹Университет «Туран», Алматы, Республика Казахстан

²Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Кызылорда, Казахстан
(e-mail: ¹isamal@mail.ru, ²n.aldabergenova@turan-edu.kz, k.jumabaeva@turan-edu.kz)

О проблемах юридической ответственности заказчиков и организаторов государственных закупок

Аннотация: В данной статье авторы исследуют теоретические и практические аспекты правовой ответственности заказчиков и организаторов государственных закупок.

Цель статьи – анализ правовой ответственности субъектов государственных закупок, выявление проблем и разработка предложений по их совершенствованию.

Основные направления исследования: теоретические основы правовой ответственности в сфере госзакупок, регулирование ответственности заказчиков и организаторов, практические проблемы, совершенствование механизмов ответственности. Основные идеи – определение границ и критериев ответственности, устранение правовых коллизий, совершенствование законодательства, предотвращение правонарушений.

Краткая характеристика научной и практической значимости работы. Статья предназначена для исследователей, юристов, государственных служащих, занимающихся регулированием и контролем в сфере госзакупок, а также всех, кто интересуется вопросами повышения прозрачности и законности в данной области.

Краткое описание методологии исследования. Работа требует комплексного анализа, поэтому в ходе исследования применены как общенаучные, так и специальные эмпирические и теоретические методы.

Основные результаты и выводы исследования. В ходе анализа выявлены пробелы в законодательстве, изучена правоприменительная практика. Сформулированы выводы по дальнейшему совершенствованию законодательства и повышению ответственности заказчиков.

Данное исследование вносит значительный вклад в совершенствование механизмов ответственности заказчиков и организаторов госзакупок, обладает научной новизной и высокой практической значимостью.

Практическое значение результатов. Итоги работы могут быть использованы заказчиками, поставщиками, судами, правоохранительными и регулирующими органами.

Ключевые слова: заказчик, правовая ответственность, прозрачность, правоприменение, принципы государственных закупок.

^{1,2}S. Ilyasova, ¹N. Aldabergenova, ¹K. Jumabaeva

¹«Turan» University, Almaty, Kazakhstan

²Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

(e-mail: ¹isamal@mail.ru, ²n.algabergenova@turan-edu.kz, k.jumabaeva@turan-edu.kz)

On the issues of legal liability of customers and organizers of public procurement

Abstract: In this article, the authors examine the theoretical and practical aspects of the legal responsibility of procuring entities and organizers of public procurement.

Purpose of the article – to analyze the legal responsibility of public procurement entities, identify problems, and develop proposals for their improvement.

Main research areas: theoretical foundations of legal responsibility in public procurement, regulation of responsibility for procuring entities and organizers, practical issues, and improvement of responsibility mechanisms. Key ideas – defining the boundaries and criteria of responsibility, eliminating legal conflicts, improving legislation, and preventing violations.

Brief description of the scientific and practical significance of the study. The article is intended for researchers, lawyers, civil servants involved in the regulation and supervision of public procurement, as well as anyone interested in improving transparency and legality in this field.

Brief description of the research methodology. The study requires a comprehensive analysis; therefore, both general scientific and special empirical and theoretical research methods were applied.

Main research findings and conclusions. The analysis identified gaps in legislation and examined law enforcement practices. Conclusions were formulated on the further improvement of legislation and enhancement of the responsibility of procuring entities.

This study makes a significant contribution to improving the mechanisms of responsibility for procuring entities and organizers of public procurement. It is distinguished by its scientific novelty and high practical relevance.

Practical significance of the results. The findings can be used by procuring entities, suppliers, courts, law enforcement, and regulatory authorities.

Keywords: procuring entity, legal responsibility, transparency, law enforcement, principles of public procurement.

References:

1. Memlekettik satyp alu turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy (2024) 1 şilde 2024 jylğy № 106-VIII QRZ, Adilet.zan.kz. [Onlain]. Qoljetımdı: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000106> (ötinish bergen kyni: 24.03.2025).
2. Memlekettik satyp aludyñ veb portaly. (2025) goszakup.gov.kz [Onlain]. Qoljetımdı: <https://v3bl.goszakup.gov.kz/> (ötinish bergen kyni: 24.03.2025).
3. Suharev, A.İa., Krutskih V.E. (2001) Bölşoi iuridicheski slovär. Moskva: Norma. – İuridicheski slovär.
4. Lipinski, D.A. (2004) Problemy iuridicheskoi otvetstvennosti: Monografia / Pod red. d-ra. iurid. nauk., prof. R.L. Hachaturova. 2-e izd., pererab i dop. – SPb.: İzdatelstvo «İuridicheski sentr Press».: https://elibrary.ru/download/elibrary_20175731_29651467.pdf (ötinish bergen kyni: 24.03.2025).
5. Bondarev, A.S. (2008) İuridicheskaia otvetstvennost i bezotvetstvennost – storony pravovoi kültury i anikültury subektov prava. -Spb.İzdatelstvo R.Arslanova «İuridicheski sentr Press», opubl.-30.10.2013-Elektron.versia pech.publ. Dostup s sita EBS IPR Books. [Onlain]. Qoljetımdı: <https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=18060> (ötinish bergen kyni: 24.03.2025).
6. Chernävski, A.G. (2017) İuridicheskaia otvetstvenost: ucheb.posobie dlä studentov vuzov, obuchaiuşıhsä pospesiälnosti «İurisprudensia» / A.G.Chernävski, S.M.Kuznesov; pod red. B.N.Gabrichidze, N.D.İriaşvili. -Moskva: İuNİTİ-DANA: Zakon i pravo. [Onlain]. Qoljetımdı: <https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=81602> (ötinish bergen kyni: 24.03.2025).
7. Kuznesov, A.N. (2015) İzbrannye leksii po teorii gosudarstva i prava. Chast 2 / A.N.Kuznesov; Pod red. prof.G.V.Alekseeva. – Saratov: «İzdatelstvo vuzovskoe obrazovanie», (Vysşee obrazovanie). Dostup s sita EBS IPR Books. [Onlain]. Qoljetımdı: <https://www.iprbookshop.ru/epd-reader?publicationId=33867> (ötinish bergen kyni: 24.03.2025).
8. «Memlekettik satyp alu turaly» (2024) Qazaqstan Respublikasynyñ 2024 jylğy 1 şildedegı Zañy № 106-VIII QRZ. Adilet.zan.kz. [Onlain]. Qoljetımdı: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000106> (ötinish bergen kyni: 24.03.2025).
9. Qazaqstan Respublikasynyñ Eñbek kodeksi. (2025) Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi 2015 jylğy 23 qaraşadağy № 414-V QRZ. Adilet.zan.kz. [Onlain]. Qoljetımdı: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000414> (ötinish bergen kyni: 24.03.2025).
10. Levina, A.D., Rodina, A.E. (2019) Administrativnaia i ugolovnaia otvetstvennost za naruşenie zakonodatelstva o kontraktnoi sisteme v sfere gosudarstvennyh zakupok: praktika realizatsii. / Razvitie iuridicheskoi nauki i problema preodolenia probelov v prave. Sbornik nauchnyh statei po itogam raboty chetvertogo mejdunarodnogo kruglogo stola. Tom. Chast 1. g.Şahty, İzdatelstvo: OOO «Konvert». 31 maia 2019 goda.
11. Äkımşılık qūqyq būzuşylyq turaly Qazaqstan Respublikasynyñ kodeksi 2014 jylğy 5 şildedegı № 235-V QRZ. Adilet.zan.kz. [Onlain]. Qoljetımdı: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235#z207> (ötinish bergen kyni: 24.03.2025).
12. Şantakov, A.M. (2018) Otvetstvennost zakazchika v sfere gosudarstvennyh zakupok. / Aktuälnye voprosy sivilistiki. Materialy regionälnoi mejvuzovskoi nauchno-prakticheskoi konferensii. Nauchnyi redaktor E.A.Murzina. 2018/ g. Ulan-Ude. İzdatelstvo: Burätski gosudarstvennyi universitet imeni Dorji Banzarova.. [Onlain]. Qoljetımdı: <https://www.elibrary.ru/item.asp?id=41191228> (ötinish bergen kyni: 24.03.2025).
13. Moldabaev, S.S., Kataev, N.A. (2020) Professionalizm zakazchika v sfere gosudarstvennyh zakupok. HABARŞY, 2020 - elibrary.kaznu.kz [Onlain]. Qoljetımdı: <https://scholar.google.ru/> (ötinish bergen kyni: 24.03.2025).

14. Sybailas jemqorlyqqa qarsy is-qimyl turaly Qazaqstan Respublikasynyñ Zańy 2015 jylǵy 18 qaraşadaǵy № 410-V QRZ Adilet.zan.kz. [Onlain]. Qoljetımdı: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000410> (ötinish bergen kını: 24.03.2025).
15. Karanda, A.V. (2020) Kartelnye sgovory pri osuřestvlenii gosudarstvennyh zakupok: priznaki i posledstvia./ Sbornik statei. G.Simferopöl, İzdatelstvo: Krymski federälnyi universitet im. V.İ. Vernadskogo (Simferopöl). [Onlain]. Qoljetımdı: <https://elibrary.ru/item.asp?id=44464920> (ötinish bergen kını: 24.03.2025).
16. Ukrainseva, İ.S., Markatova, V.A., İahontova, K.A. (2019) Ugrozy ekonomicheskoi bezopasnosti gosudarstva pri provedenii gosudarstvennyh zakupok // Sbornik nauchnyh statei III Vserossiskoi nauchno-prakticheskoi konferensii "Aktuälnye voprosy nalogooblojenia, nalogovogo administrirovania i ekonomicheskoi bezopasnosti". – Kursk: İugo-Zapadnyi gosudarstvennyi universitet, 2019. [Onlain]. Qoljetımdı: <https://elibrary.ru/item.asp?id=41339806> (ötinish bergen kını: 24.03.2025).
17. Qazaqstan Respublikasynyñ Qylmystyq kodeksi. (2014) / Qazaqstan Respublikasynyñ Kodeksi 2014 jylǵy 3 şildedegı № 226-V QRZ. Adilet.zan.kz. [Onlain]. Qoljetımdı: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226> (ötinish bergen kını: 24.03.2025).
18. Mukasheva, A.A., Nurekeshov, T.K., Ajtkazin, E.M. Qazaqstan Respublikasynda «zhasyl» memlekettik satyp alu institutyn damytudyn zaңnamalyq negizderi. // L.N. Gumilev atyndaǵy Evraziya ılttyq univesitetiniñ Habarshysy. Qıyqyq serijasy. Vol. 146 №4(2024) <https://doi.org/10.32523/2616-6844-2024-146-1-66-80>
19. Hlystova, N.B. (2020) Kartelnye sgovory v sfere gosudarstvennyh zakupok: ponätie, vidy, otvetstvennost // Nauchnyi arsay. – 2020. – №2 (5). [Onlain]. Qoljetımdı: <https://cyberleninka.ru/article/n/kartelnye-sgovory-v-sfere-gosudarstvennyh-zakupok-ponyatie-vidy-otvetstvennost> (ötinish bergen kını: 24.03.2025).

Авторлар туралы мәліметтер:

Ильясова С.М. – хат-хабар авторы, заң ғылымдарының магистрі, «Тұран» университетінің докторанты, 050013, Алматы қ. Сәтбаева көшесі, 16А; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу басқармасының басшысы, Әйтеке би көшесі, 29А, 120014, Қызылорда, Қазақстан

Алдабергенова Н.А. – Заң ғылымдарының кандидаты, доцент, «Тұран» университеті, Құқық жоғары мектебінің профессоры, Сәтбаев көшесі, 16А, 050013, Алматы, Қазақстан

Джумабаева К.А. – PhD докторы, «Тұран» университеті, Құқық жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры, Сәтбаев көшесі, 16А, 050013, Алматы, Қазақстан

Ильясова С.М. – автор для корреспонденции, магистр юридических наук, докторант университета «Тұран»; 050013, г. Алматы, ул.Сатбаева, 16А; Кызылординский университет имени Коркыт Ата, руководитель управления правового обеспечения и государственных закупок, ул.Айтеке би, 29А, 120014, Кызылорда, Казахстан

Алдабергенова Н.А. – кандидат юридических наук, доцент, профессор Высшей школы права университета «Туран»; ул.Сатбаева, 16А, 050013, Алматы, Казахстан

Джумабаева К.А. – PhD доктор, ассоциированный профессор Высшей школы права Университета «Туран»; ул.Сатбаева, 16А, 050013, Алматы, Казахстан

Ilyasova S. – corresponding author, Master of Law, Doctoral student at "Turan" University; 050013, Almaty, 16A Satbayev Street, Korkyt Ata Kyzylorda University, Head of the department of legal support and public procurement, 29A Aiteke, Bi Street, 120014, Kyzylorda, Kazakhstan

Aldabergenova N. – candidate of Legal Sciences, Associate Professor, Professor at the Higher School of Law, «Turan» University; 16A Satbayev Street, 050013, Almaty, Kazakhstan

Jumabaeva K. – PhD, Associate Professor at the Higher School of Law, "Turan" University; 16A Satbayev Street, 050013, Almaty, Kazakhstan;



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).